

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытынды есебі:

2025–2026 оқу жылында «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК ұжымы жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын басшылыққа ала отырып, білім беру қызметінің сапасын арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды.

Оқу жылының негізгі міндеттері:

1. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру;
2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

Жоспар бойынша жұмыстардың орындалуы:

Жылдық жоспар толық көлемде орындалды. Оқу жылы барысында педагогикалық кеңестер, семинарлар, мерекелік іс-шаралар, көрмелер, акциялар, ата-аналармен кездесулер және түрлі жобалар ұйымдастырылды. Өткізілген негізгі іс-шаралар: Конституция күні; Білім күні; Қазақстан халқы тілдері күні; Ұстаздар күні; Тәуелсіздік күні; Жаңа жылдық ертеңгіліктер; Алғыс айту күні; 8 Наурыз мерекесі; Наурыз мейрамы; Ғарышкерлер күні; Ашық есік күндері; Көркемөнерпаздар байқауы; Түрлі танымдық және тәрбиелік жобалар. Барлық іс-шаралар тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды.

Педагогтермен жүргізілген жұмыстар:

2025–2026 оқу жылында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Мекемеде барлығы 35 педагог қызмет атқарды: Педагог-модератор – 10; Педагог-сарапшы – 10; Педагог-зерттеуші – 3 және педагог – 11.

Педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында:

- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді;
- Өзара сабаққа қатысу жұмыстары жүргізілді;
- Консультациялар мен әдістемелік көмек көрсетілді;
- Тәлімгерлік жұмыстар ұйымдастырылды;
- Педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасалды.

16 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Педагогтер аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларға белсенді қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Жетістіктер: «Үздік жыл әдіскері – 2025» аудандық кезеңі – Бас жүлде; «Үздік жыл әдіскері – 2025» облыстық кезеңі – Бас жүлде; Республикалық кезеңде «Креативті әдіскер» номинациясы; «Ел іші – өнер кеніші» байқауы – Бас жүлде; «Үздік педагог – 2026» байқауы – II орын; «Үздік жас маман» байқауындағы жетістіктер және т.б.

Әдістемелік кеңестер мен бірлестік жұмысы:

Оқу жылы барысында бес педагогикалық кеңес өткізілді: I педагогикалық кеңес: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылындағы тәрбие мен оқытудың басым бағыттары», II педагогикалық кеңес: «Жасыл балабақша – табиғатпен үндес өмір», III педагогикалық кеңес: «Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру технологияларын қолдану», IV педагогикалық кеңес: «Жобалау іс-әрекетіне балалардың қызығушылығын қалыптастыру» және V педагогикалық кеңес: «Оқу – тәрбие үдерісі бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы».

Әдістемелік кеңестерде:

- білім беру процесін жетілдіру;
- инновациялық технологияларды енгізу;
- жобалау қызметін ұйымдастыру;
- балалардың құзыреттіліктерін дамыту мәселелері қарастырылды.

Жыл ішінде бақшаішілік семинарлар, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Педагогтердің әдістемелік өнімдері:

- 14 әдістемелік жинақ пен электрондық материал;
- республикалық және облыстық басылымдардағы жарияланымдар;
- кәсіби журналдардағы мақалалар.

Ішкі бақылау мен талдау:

Ішкі бақылау жоспарына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Бақылау бағыттары:

- тәрбиелеу-білім беру процесінің ұйымдастырылуы;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы; педагогтердің құжаттамалары;
- балалардың даму мониторингі; санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы;
- қауіпсіздік шараларының орындалуы.

Бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестер мен өндірістік жиналыстарда талданып, әдістемелік ұсыныстар берілді.

Балалардың білім, білік және дағдыларын меңгеру деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелері оң динамику көрсетті.

Жобалау технологиясын енгізу бойынша: «Жас метеоролог»; «Магниттің сиқыры»; «Емдік шөп – Алоэ»; «Қаржылық сауаттылық»; «Огород на подоконнике»; «Еңбекқор құмырсқа»; «Дәмді нан әлемі»; «Я и природа» және басқа да жобалар сәтті жүзеге асырылды.

Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Өткізілген жұмыстар:

- жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары;
- консультациялар;
- сауалнамалар;
- ашық есік күндері;
- мерекелік шараларға қатыстыру;
- бірлескен шығармашылық жұмыстар.

Негізгі іс-шаралар:

«Бақытты отбасы – бақытты бала» ашық есік күні; «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың бала өміріне әсері» тақырыбындағы кездесу; «М.Мақатаев кім?» атты қазақ поэзиясының заңғар тұлғасына арналған әдеби кеш, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптейтін тәрбиелік шаралар. Ата-аналардың білім беру процесіне қатысу белсенділігі артып, отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығая түсті.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК ұжымы алдына қойған мақсат-міндеттерді толық орындады. Педагогтердің кәсіби деңгейі артты, инновациялық технологиялар мен жобалау қызметі тиімді енгізілді, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалды. Алдағы оқу жылында білім беру сапасын одан әрі жетілдіру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, тәрбиелеу мен оқытудың заманауи технологияларын енгізу және ата-аналармен серіктестікті нығайту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.